

БІЛІМІ ТӨРДЕТІ ЕЛДІН БҮГІНІ - БЕКЕМ, ЕРТЕНІ - ЕҢСЕЛІ

Адам баласының алдындағы ең үлкен мұраты мен мақсаты – артында ізін жалғап қалар білімді, саналы үрпак тәрбиелу. Болашақта халықтың жағдайы, елдін келбеті қандай болмағы бүгінгі өсіріп отырган ұл-қыздарымыздың білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Қай заманда болмасын қогамның қозғаушы күші – жастар. Демек бүгінгі болабақша тәрбиеленушілерінен бастап, мектеп оқушыларына, колледждер мен жоғары оку орындарының студенттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беру әрбір ага буын мен орта буын алдындағы міндет десек кателеспейміз.

Жастардың, яғни студенттердің ордасы деп университеттерді де айтуда болады. Солардың бірі - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. Аталмыш оку орны - Қазақстан Республикасының ең ірі және көпсалалы университеті, оңтүстіктің ғылыми, білім, зияткерлік, мәдени орталығы. Оңтүстік өнірде мындаған баланы түрлі мамандыққа баулып, жоғары білім беріп, үлкен өмірге дайындаған келе жатқан оку орынның қоғамдағы рөлі үлкен. Сексен жылдық тарихы бар енсеге оку ордасында болашақта ел тізгінің үстайтын азаматтар заманға лайықты білім мен тәрбие алып келеді.

Жалпы университеттің іргесі мықты, керегесі кең. Сонау екинші Дүниежүзілік соғыс жылдарында, 1943 жылы іргетасы институт бол қаланған университет талай тарихты бастан кешкені даусыз. Эу баста 2 факультет, 7 кафедрамен ғана ашылып, студент қабылданған оку орны қазір енсеге білім ошығына айналған. Университетте он бес факультетте бакалавр, магистратура, докторантурада мамандар даярланып келеді.

Университет мениншігіндегі зәулім ғимараттар толықтай соғыс үлгідегі техникалармен жабдықталған, материалдық базасы ете бай. Заман сұранысына толықтай жауап беретін оку кабинеттері, зертханалар, кітапханалар мен жатақханаларда толықтай жастардың білім алуына жағдай жасалған. Барлығы да тәуелсіз елдің өрендеріне жасалған иғілік деуге болады.

Сексен жылдың ішінде университеттің каншама мықты, іскер басшылар басқарды. 2018 жылдың мамыр айынан бері М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры - КР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, КР Педагогикалық ғылымдар академиясының академиті Кожамжарова Даирія Пернешқызы. Өзінің білімі мен іскерлігі, үздік ғылымдастыруышы мен басқарушылық қасиетінің нәтижесінде соғыс жылдары университет өмірінде болып жатқан аузын тоғтырып айтартылған егерістер мен жаңалықтарды саусақпен санау мүмкін емес.

Келешектің кілтін, ел тізгінің үстайтын жастардың білімді де сауатты, білікті маман болмағы өтсі мәнізды екенін басшылыққа алған университет басшылығы талай ігі істердің үйіткесі болып келеді. Сондай айтулы жаңалықтың бірі жақындаған «InnoWeek-2023» халықаралық инновациялық идеялар апталығы шенберінде Таңкент қаласында Қазақстан ЖОО өкілдерінің қатысуымен өткен «Өзбекстан мен Қазақстанның жоғары білім, ғылым және инновациялар саласындағы ынтымактастығы» форумында жарияланды.

Даирія Пернешқызы өз баяндамасында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығы шенберінде қазақстандық тұңғыш жоғары оку орны ретінде Шыршық қаласында ашылатын



филиалдың 2017 жылдан басталған жобасының кейін таныстырыды. Яғни енді өзбекстандық жастар М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың Шыршық қаласындағы филиалында білім алып, маман иесі бола алады.

«Біздің филиалдың ашылуы елімізде машина жасау, металлургия, құрылым, химия және тамақ өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беретініне сенімдіміз, бұл салаларды дуальды оқытуудың 18 білім бағдарламасы бойынша білікті кадрлармен қамтамасыз етеді» деп атап өткен университет ректоры бұл жобаның болашақта көп мүмкіндіктерге жол аштынына сенім үзділтті.

Біздің болашағымыз жастар, соның ішінде білімді жастарға көп сенім артамыз, үміт күтеміз, Еліміздің барлық салада дамуы, дамыған үздік елдердің қатарынан көріні, әлемге жақсы қырынан танылуы білім мен ғылымның, инновация мен технологияның арқасында жузеге асары даусыз. Сондықтан бүгінгі студенттерге, білім жолындағы балаларға бар мүмкіндікті жасап, жол ашу - бәріміздің міндетіміз. Және сол жолда Президентіміз Қ.Тоқаевтан бастап, барлығымыз еңбектенеміз. Болашағымыз айқын, келешегіміз кемел болсын! Мағжанша айтсам «Мен жастарға сенемін!»

Роза Бектенова,
М.Әуезов атындағы ОҚУ «Техникалық мамандықтарға арналған практикалық орыс тілі» кафедрасының оқытушысы.